

Әскери мүліктің бір бөлігін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 желтоқсан N 1361

Қазақстан Республикасының мұнай өндіруші кешенін көлік құралдарымен және жабдықтармен қамтамасыз ету, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпорындарының конверсиялық бағдарламаларды орындауы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті белгілеген тәртіппен Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындарына:

"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамына:

КрАЗ-257, 255 - 20 дана

ЗИЛ-131 - 5 дана

"Куйбышев атындағы машина жасау зауыты" акционерлік қоғамына:

КрАЗ-257, 255 - 10 дана көлемде одан әрі қайта жабдықтау және кейін бірлесіп іске асыру үшін толықтырып жарақтандыру мақсатында 3-ші және 4-ші санаттардағы автомобильдерді беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.

